

## ТІЛ БІЛІМІ ЛИНГВИСТИКА LINGUISTICS

МРНТИ 16.21.45

Асильбекова Н.У.<sup>1</sup>

<sup>1</sup> М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,  
Тараз, Қазақстан

### АНТРОПОНИМДЕРДІҢ СӨЗЖАСАМДЫҚ ТӘСІЛДЕРІ

*Аңдатпа*

Бұл мақалада қазақ тіліндегі антропонимдердің сөзжасамдық тәсілдері кеңірек қарастырылады. Синтетикалық сөзжасамдық тәсіл арқылы жасалған кісі есімдерінің де мағынасы мен тұлғалық жағы күрделі болады. Мұнда тірек сыңар лексикалық мағыналы себепші негіз болады да, жұрнақ өзінің мағынасын қосып отырады. Жұрнақтың сөзжасамдық мағынасы арқылы жаңа екіншілік мағына жасалады.

Барлық синтетика-семантикалық сөзжасамдық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздердің мағыналық құрылымының қалыптасуында себепші негіздің мағынасының маңызды рөл атқаратыны туралы профессор А.Б. Салкынбай өзінің “Қазақ тілінің сөзжасамы” деген еңбегінде толық жазады. Автор себепші негіз мағынасы туынды сөздің мағынасымен салыстырғанда кеңірек әрі ауқымды екенін жазады. Осы теорияны негізге алсақ, кісі есімдерінің синтетикалық тәсілінде де осы тұжырымның орындалатынына көз жеткізу қиын емес.

**Түйін сөздер:** сөзжасам, туынды сөз, компонент, антропоним, грамматикалық сипат

*Asilbekova N.<sup>1</sup>*

<sup>1</sup> Taraz Regional University named after M.H. Dulati,  
Taraz, Kazakhstan

### WORD EDUCATIONAL METHODS OF ANTHROPONYMS

*Abstract*

This article discusses in more detail the derivational methods of anthroponyms in the Kazakh language. Synthetic word formation is also complicated by the meaning and individuality of personal names. Here the suffix is the causal basis of the lexical meaning, and the suffix adds its meaning. The new secondary meaning is created by the derivational meaning of the suffix.

Professor A. Salkynbai writes in detail in his work "Word formation of the Kazakh language" that the meaning of the causal root is broader than the meaning of the derived word. Based on this theory, it is easy to see that the same conclusion applies to the synthetic method of personal names.

**Keywords:** word formation, derivative word, component, anthroponym, grammatical property

*Асильбекова Н. У.<sup>1</sup>*

<sup>1</sup> Таразский региональный университет им М.Х. Дулати,  
г. Тараз, Казахстан

### СЛОВООБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ СПОСОБЫ АНТРОПОНИМОВ

*Аннотация*

В данной статье рассматриваются способы словообразования антропонимов на казахском языке. Синтетическое словообразование также осложняется значением и индивидуальностью личных имен.

Здесь суффикс является причинной основой лексического значения, а суффикс добавляет его значение. Новое вторичное значение создается словообразовательным значением суффикса.

Профессор А. Салкынбай подробно пишет в своем труде «Словообразование казахского языка», что значение причинного корня шире и обширнее, чем значение производного слова. Основываясь на этой теории, легко увидеть, что тот же вывод применим и к синтетическому методу личных имен.

**Ключевые слова:** словообразование, производное слово, компонент, антропоним, грамматическое свойство

**Кіріспе.** Қай тілде де сөзжасам ертеден келе жатқан тілдік құбылысқа жататыны белгілі. Қазақ тіліндегі антропонимдердің қазіргі кезде әбден қалыптасқан сөзжасам жүйесі бар, ол әрине, ұзақ уақыттағы дамудың нәтижесі. Тіліміздің сөзжасам жүйесінің негізі көне түркі тілінен (ең көне жазба ескерткіштер тілі) бастау алып, содан бері дамып, толығып, күрделеніп, сұрыпталып, екшелене келіп, қазіргі жүйелі тілдің саласы дәрежесіне жеткен.

Қазақ тіліндегі кісі есімдерінің көпшілігі екі сөздің бірігуі, сөз мағынасының дамуы, сөз тудырушы жұрнақтардың жалғануы арқылы жасалады. Сондықтан мұндай кісі есімдерінің барлығы да туынды сөз ретінде таныла алады. Мысалы: Көне түркі тіліндегі *Тоныкөк, Күлтегін, Елтеріс, Білге қаған* сияқты кісі есімдері туынды сөз ретінде танылады. Ал орта ғасырларда жазылған мұралар араб тілінде жазылып, араб тілінің элементтерін мол пайдаланған. Осыған байланысты мұнда араб тілінен енген атаулар да мол ұшырасады.

Мысалы: *Сұлтан Махмұд хан, Шаһ Сұлтан Мұхаммед, Сұлтан Ахмет хан, Құтлық Нигар ханым, Хұб Нигар ханым, Мырза Байсұңқар, Әмір Сұлтан, Сүйініш Қожа хан, Қарақожа, Қызырқожа, Бади-аз Заман мырза т.б. (М.Х. Дулати еңбегінен).*

Қазақ тіліне енген араб тіліндегі атаулар да туынды сөз ретінде мол кездеседі. Араб тіліндегі атауларға *бек, жан, гүл, гали, бай, әмір, мырза, қожа* сияқты тірек сөздердің бірігуі арқылы жаңа мағыналы атаулар жасалған. Мысалы: *Сұлтанбек, Әміржан, Қожагүл т.б.*

Шежірелерде: *Жанәділ, Қожагүл, Тәңірберген, Бекарыс, Жартыбас, Мелдеби, Ақжол, Орынби, Жауғашты, Досқара, Айбике, Сарықұл, Есенкелді, Құдайберді, Жанжігіт, Жетібай, Жантеке, Абатқұл, Ерімбет, Көшімбет, Айтқұл, Аққошқар, т.б.*

**Әдістеме.** Ғалым А.Б. Салкынбай “Қазақ тілі сөзжасамы” деген еңбегінде сөзжасамдық уәждемеге мынадай анықтама береді: “Сөзжасамдық уәждеме дегеніміз – екі түбірлес сөздің бірінің мағынасы екіншісінің жаңа мағынасының тууына негіз болатын, мағыналық себептілікке негізделген сөзжасамдық процесс” [1, 99 б.]. Автор уәждеме теориясын ономасиологиямен тығыз байланысты деп қарайды.

Б. Қасым “Қазақ тіліндегі күрделі сөздер: уәждеме және аталым” деп аталатын монографиялық зерттеу жұмысында “Күрделі сөздің басты белгілі ерекшелігі – жаңа мағыналы туынды сөз жасауы – сөздің ішкі семантикасы, екіншілік мағына беруі. Екіншілік туынды мағына беретін күрделі сөздер жеке лексема болады” – деп жазады [2, 32 б.]. Автор күрделі сөздердің жасалуын композитжасам деп алып, олардың сөзжасамдық уәжділігін анықтайды.

Демек, кісі есімдерінің тілімізде молдығы біздің ұлттық дүниетанымымыздың кеңдігін, тереңдігін танытады. Айталық, бала туғанда кейде қалы болуы мүмкін, осыған байланысты *Қалдыгүл, Қалдыбай, Қалжан, Меңтай, Меңдігүл, Қалдыбек, Қалтай, Меңдібек* т.б. болып негізделеді. Мұндай аттардың негізделуі, уәждемелі баланың туылған кезде денесінде қалы болуымен байланысты. Халықтық дүниетаным бойынша, егер баланың атында қал немесе мең сөзі болатын болса, қалы сол қалпында өспейді немесе кетіп қалады. Ал бұлай аталмаса, денедегі қалы көбейіп кетуі де ықтимал делінеді.

Бұл мысалдардағы *Қалдыгүл, Қалдыбай, Қалжан, Қалдыбек, Қалтай* деген кісі есімдерінің барлығы да туынды сөздер. Олардың жасалуындағы негізгі және ортақ сема *қал* сөзі арқылы беріліп тұр. Сөзжасамдық аспектіден қарастырғанда, *қал* – туынды сөздің себепші негізі болады. *Гүл, жан, бек, тай, бек* сөздерінің бірігуі арқылы жаңа мағыналы туынды сөз жасалып, екіншілік сөзжасамдық мағына иеленген.

Қал сөзінің қайталанып келуі арқылы туынды сөздердің парадигмалық қатары қалыптасқан. Мұндағы сөзжасамдық уәждемелік қатынас *қал, гүл, жан, бек, тай, бай* сөздері мен *Қалдыгүл, Қалдыбай, Қалжан, Қалдыбек, Қалтай* туынды сөздерінің арасында болатын сөзжасамдық қатынастан көрініс табады.

Сондай-ақ, туынды сөз жасалу үшін сөзге, атауға деген объективтік тілдік қажеттілік болуы керек. Ұғымды атау үшін, оған ұқсас заттардың белгілері алынады. Сөздің құрамындағы себепші негіз бен туынды сөз арасында мағыналық және тұлғалық қатынас орнайды.

**Нәтиже мен талқылау.** Мысалы: *Ақжол* деген кісі есімі екі себепші негізден біріккен де, аналитикалық сөзжасамдық тәсілдің негізінде екіншілік мағынаға ие болған. *Ақ* сөзінің негізгі мағынасы қара емес, ақ түсті білдіру, *жол* – белгілі бір бағытта салынған жол мағынасын береді. *Ақжол* атауында осы сөздердің толық мағыналары сақталмайды, тек келтірінді, ауыспалы мағыналары бар. *Ақ* сөзінің *қара* емес ақ мағынасынан гөрі, адал, таза семасы негізгі сема ретінде орныққан. *Ақ* сөзінің себепші негіз болып келуі арқылы тілімізде көптеген жаңа мағыналық туынды сөздер жасалған. Олардың мынадай парадигмалық қатарын көрсетуге болады. Мысалы: *Ақжол, Ақбота, Ақбала, Ақтоты* т.б.

Бұл көрсетілген туынды сөздердің құрамындағы ақ сөзінің негізгі және ерекше семалары бір-бірімен тең дәрежеде деуге келе бермейді. *Ақжол* – сөзіндегі ақ сөзінің мағынасы –таза, адал; *Ақбота, Ақбала, Ақтоты* – туынды сөздерінде – *ақ, қара* емес мағынасында жұмсалып тұр. Демек, сөздердің мағыналық дамуы арқылы бір парадигмалық қатарда келіп, жаңа туынды атау жасай алады деуге болады. Қазақ тіліндегі кісі есімдерінің дамуы мен қалыптасу жолында түбір сөздерден жасалған кісі есімдерімен бірге (*Күн, Ай, Көк*, т.б.) туынды сөздерден болған кісі есімдері мол кездеседі.

Сондай-ақ, *Ай* сөзі арқылы да көптеген екіншілік мағыналы туынды кісі аттары уәждеделген. *Ай* ұғымы арқылы уәждеделген кісі аттары тіліміздің тарихында да, қазіргі даму бағытында да өте белсенді қолданылады. Мысалы: *Айбала, Айсана, Айдана, Айгүл, Айнұр, Айдар* т.б.

*Ай* сөзіне кез келген сөзді жалғап, екіншілік мағынадағы туынды сөз жасай беруге болмайды. Кісі есімі жасалу үшін себепші негіз ретінде жұмсалып тұрған сөздердің ішкі мағыналық құрылымы мағыналық және ұғымдық жағынан бір-бірімен сәйкес келуі шарт. Яғни себепші негіздердің мағыналық валенттілігі сақталуы керек. *Айталық, Айжол, Айбай, Айәли* т.б. сияқты кісі есімдері тілімізде жасалмайды. Өйткені бұл тұлғалардың құрамындағы сөздер екіншілік туынды мағына жасауда бір-біріне мағыналық валенттілік қатынаста келе алмайды.

Бұл туынды кісі есімдері қара сөзінің тірек мағына болуы арқылы жасалған, сондықтан оларды бір парадигмалық қатарда қарауға толық негіз бар. Бір сөзжасамдық парадигма құрағанымен, мұндағы қара сөзінің семантикалық ерекшелігі әр түрлі. *Қара* сөзінің ортақ және негізгі мағыналары белгілі бір нысанның сыртқы түрінің ақ емес, қара екенін көрсеткенімен, арнайы, дифференциялы семасы әр атауда әр түрлі мәнге ие болады. *Қарагөз, Қарашаи, Қарақат* деген кісі есімдерінің семантикалық құрылымындағы қара сөзінің мағынасы ақ емес, қара деген түс есімімен байланысты.

Ал *Қарабай, Қарабек, Қаратай* деген атаудағы қара сөзінің мағынасы – көне, ертеден келе жатқан, киелі деген мағынаны білдіреді.

Яғни туынды сөз құрамында келген себепші негіздің мағыналары барлық атауларда бірдей мәнде жұмсала бермейді. Олардың әр кезде әр түрлі мағыналық қырлары анықталып отырады. Сөз мағыналарының арасында көпмағыналылықтың нәтижесінде болатын семалық нәзік иірімдер кездесіп отырады да, олар сөз мағынасының дифференциалды мағынасын жасауда негізгі рөл атқарады. Мысалы: *Гүлжан, Гүлнар, Гүлайым, Гүлім, Гүлназ* т.б.

Бұл келтірілген мысалдарда туынды сөзге тірек компонент ретінде қызмет етіп тұрған *гүл* сөзінің негізгі мағынасы барлық туынды сөздердің екіншілік мағынасында өзгеріссіз қалады да, атаудың дифференциалды мағынасында өзінің осы арнайы семасын сақтайды. *Гүл* сөзімен басталатын барлық кісі есімдерінің ортақ семасын қалыптастырады.

Кісі есімдері композитжасам (біз бұл терминді Б. Қасым еңбектеріне сүйене отырып қолданамыз) туғызып, екіншілік мағыналы туынды сөз жасағанда, құрамындағы себепші негіздердің мағынасында жаңаша мағыналық даму болады. Олар туынды сөз жасау барысында өзінің толық негізгі мағынасын сақтай бермейді. Тек бір семалық деңгейде ғана анықталып, туынды сөз жасайды. *Гүлжан, Гүлназ* сөздерінің құрамындағы *жан* және *наз* сөздерінің мағыналық дамуын осылайша түсіндіруге болады.

Аналитикалық сөзжасамдық тәсіл арқылы жасалған кісі есімдерінің барлығын да жеке атау ретінде қарастыру дұрыс. Жеке атау, жеке лексема болғандықтан, бұл сөздердің барлығы да сөздіктерде реестр сөз ретінде енеді. Бұл лексемаларда семантикалық тұтастық, морфологиялық тұтастық, синтаксистік тұтастық толық қалыптасқан. Сондықтан да номинация теориясы бойынша, олардың аталу процесінде уәжділіктің болуы заңды.

Кісі есімдерін біріккен сөздермен атап, соңына *хан, төре, бек, би, зада* сөздерін біріктіре айту да қазақ халқының тарихында XIII ғасырдан бастап, төрелерді биік санау, хан сайлау санасы белең алуынан *Төрмұрат, Ақтөре, Жантөре, Нұртөре, Асылхан, Асылзат, Айзада, Айбек, Айхан, Төрехан, Кенжехан, т.б.* есімдері пайда болған. Мұның сөзжасамдық уәжі мен танымдық сипатын анықтау үшін халық тарихы мен дүниетанымының өзіндік ерекшелігін ескеру керек. Бұл атақты *Шыңғысхан* есімімен, оның балаларының хандық құру салтанатымен тығыз байланысты. Сондықтан *төре, хан* сөзімен келетін кісі есімдерінің сөзжасамдық парадигмасы жиі ұшырасады: *Төрехан, Төрмұрат, Төрегелді* т.б.

Бұндай кісі есімдері бір себепші негіз арқылы туындап тұрғандықтан, бір сөзжасамдық ұяға жатады, ішкі мағыналық құрылымдары жақын болып келеді.

Хан сөзі арқылы мынадай кісі есімдерінің парадигмасы жасалады: *Асылхан, Арысхан, Айхан, Төрехан, Кенжехан, Сабырхан* т.б.

Сөзжасамдық уәжділік арқылы түсіндірер болсақ, бұл кісі есімдерінің барлығының да мағыналық құрылымында семантикалық даму болған. Баланың есімінің *Арыстан, Арыстанбай, Арыстанбек, Жолбарыс, Бөрібай* сияқты болып қойылуы олардың осы аңдарға ұқсауынан немесе ұқсас болсын деген ойдан тумайтыны анық. Ер бала мінезді, ержүрек, қорықпайтын қайсар, қайратты, күшті болсын деген уәжбен қойылады. Демек, тілдік таңба ретінде аталған тұлғалар семантикалық тәсіл негізінде жаңа екіншілік сөзжасамдық мағына иеленеді.

*Алтын* сөзі сөзжасамдық себепші негіз ретінде бірнеше жаңа туынды сөздің жасалуының уәжі бола алады. Жаңа екіншілік мағынада алтынның барлық мағыналары толық сақтала бермейді. Алтынның түсінің сарылығы, ток өткізгіштік қасиеті, жұмсақтығы т.б. сияқты физикалық қасиеттері кісі есімі ретінде жұмсалғанда, оның ішкі мағыналық құрылымына берілмейді. Тек оның сирек кездесетін қымбаттығы атаудың негізгі мағынасын жасайды. Ал ерекше сема ретінде – кісінің атында қымбат, жақсы мағыналары сақталады. *Алтын* сөзі өзінше сөзжасамдық ұя құрай алады. Бұл сөзден мынадай сөзжасамдық тізбектер мен сөзжасамдық тарам жасалады.

*Алтын - Алтынкүл*

*Алтын - Алтынай*

*Алтын - Алтынбек*

*Алтын - Алтынхан* т.б.

*Қымбат* сөзі семантикалық сөзжасамдық тәсіл арқылы екіншілік мағына иеленіп, қыз балаға атау болады. Тілімізде оппозициялық қатар құрайтын аттар да кездеседі.

Мысалы:

*Қымбат - Арзан;*

*Әділет - Әбілет,*

*Әділ - Әбіл,*

*Аққыз - Қарақыз,*

*Ақбала - Қаражігіт,*

*Ұлдар - Қыздар, Қыздархан,*

*Ұлболсын - Қызболсын,*

*Ақбай - Қарабай*

*Ақжан - Қаражан* т.б.

Кісі есімдерінің мұндай оппозициялық қатынаста жасалуы да халықтық дүниетанымнан туындайтын ерекшелік.

Кісі есімдерінің жасалу үлгілері әр түрлі болғанымен, олардың өзіндік жүйесі мен құрылымы бар екені белгілі. Олардың жасалу үлгісінің өзіндік сөзжасамдық моделі бар. Адам аттарын қоюда тілімізде көбінесе біріккен тұлғалы есімдер қолданылады. Олардың сипатын мынадай модельдер арқылы анықтауға болады:

- сын есім мен зат есім моделі арқылы: *Ақарыс, Ақжан, Қарабай, Қарабек, Қызылгүл, Қоңырбай, Сарыбай, Саржан, Ақмарал, Жаңагүл, Жақсыбек* т.б.

- етістік пен зат есім моделі арқылы: *Жалғасбек, Жалғасбай, Жеңіс, Жеңіскүл, Жеңісбек* т.б.

- сын есім мен етістік моделі арқылы: *Көпжасар, Көпбасар, Ақбасар* т.б.

- зат есім мен зат есім моделі арқылы: *Алтыннұр, Аругүл, Аружан, Байбақыт, Айжан, Айгүл, Айнұр, Назгүл, Жазгүл* т.б.

- сан есім мен зат есім моделі арқылы: *Алтысбай, Қырықбай, Жетпісбай, Сексенбай, Елубай* т.б.

- зат есім мен етістік моделі арқылы: *Гүлжайна, Ербол, Нұрбол, Айбол* т.б.

Бұл модельдердің қай-қайсысы болса да тілімізде кісі есімдерін жасауда белсенді қолданысқа ие. Кісі есімдерінің бір сарасы сөз тудырушы жұрнақтар арқылы жасалатыны белгілі. Синтетикалық сөзжасамдық тәсіл арқылы жасалған адам аттарының да саны аз емес.

Біз бұл жерде олардың сөзжасамдық сипаты мен екіншілік мағына туғызудағы себепші негіздердің мағыналық құрылымын анықтаймыз.

Кісі есімдері сонымен бірге аффикстердің жалғануы арқылы да жасалады:

-лық, -лік – *Жақсылық, Сағындық, Шаттық, Амандық т.б.*

-ды, -лі – *Дәмелі, Мәделі;*

-ша, -ше – *Батырша, Қоңырша;*

-ым, -ім – *Назым, Гүлім, Айым;*

-шы, -ші – *Тіленші т.б.*

Синтетикалық сөзжасамдық тәсіл арқылы жасалған кісі есімдерінің де мағынасы мен тұлғалық жағы күрделі болады. Мұнда тірек сынар лексикалық мағыналы себепші негіз болады да, жұрнақ өзінің мағынасын қосып отырады. Жұрнақтың сөзжасамдық мағынасы арқылы жаңа екіншілік мағына жасалады.

Барлық синтетика-семантикалық сөзжасамдық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздердің мағыналық құрылымының қалыптасуында себепші негіздің мағынасының маңызды рөл атқаратыны туралы профессор А.Б. Салқынбай өзінің “Қазақ тілінің сөзжасамы” деген еңбегінде толық жазады. Автор себепші негіз мағынасы туынды сөздің мағынасымен салыстырғанда кеңірек әрі ауқымды екенін жазады. Осы теорияны негізге алсақ, кісі есімдерінің синтетикалық тәсілінде де осы тұжырымның орындалатынына көз жеткізу қиын емес.

Мысалы: -лы, -лі жұрнағының мағынасы бір нәрсенің бар екенін, мол екенін көрсетеді. *Дәмелі* – туынды сөзінің мағынасы *дәме* және *-лі* жұрнағының мағынасы арқылы уәжделіп, дәмесі бар, үміті бар деген мағынаға негізделіп жасалады. *Жақсылық, Шаттық* деген кісі есімдерінің мағынасы *жақсы, шат* себепші негіздері мен *-лық* жұрнағының қосылуы негізінде жасалған.

Жұрнақтардың мағынасы деривациялық мағына болады. Бұл туралы К. Аханов “Тіл білімінің негіздері” атты еңбегінде: “Сөз тудырушы аффикстердің мағынасы деривациялық мағына деп аталады” деп жазады [3, 284 б.]. Демек, -лы, -лі, -лық, -лік жұрнақтарының мағыналары деривациялық мағыналар. Сондықтан да олар туынды сөздің екіншілік мағынасын жасауға өз үлесін қосып отырады.

Заттың қасиеті мен белгілері туралы ұғымды атау үшін жасалған атаудың мағынасы себепші негіздегі бір семаның негізінде уәжделіп жасалатыны туралы ғалымдар жазған. Синтетикалық сөзжасамдық тәсіл арқылы кісі есімдері жасалғанда себепші негіздің мағынасы арқылы уәжделеді. Сондықтан да ондағы негіз сөздің мағынасының ұғымдық мағынасының мәні ерекше.

Ғалым Т. Жанұзақов өзінің зерттеу еңбектерінде синтетикалық тәсіл арқылы жасалған кісі есімдерінің тұлғалық, грамматикалық сипатын толық қарастыра отырып, жергілікті тіл ерекшеліктері негізінде “*Бүбі, Бүбіхан, Нұрбүбі* тәрізді әйел аттары Алматы, Жамбыл облыстарында жиі кездеседі. Бұл *бүбі* сөзінің әуел бастағы тұлғасы *биби*. Бұл сөздегі *и* қырғыз тілінің артикуляциясына сай еріндік *у* әріпіне алмасып, *Бүбү* болып айтылады. Қазақ тілінің фонетикалық заңы бойынша түбір сөздің соңында еріндік дауысты *у* келмейді. Мысалы: *Бүбүш – Бүбіш, Бүбүхан – Бүбіхан т.б.*” кісі есімдерінің жасалуының лексикалық, фонетикалық ерекшеліктерін де назардан тыс қалдырмайды [4, 461 б.].

Халық ат қойғанда осы себепші негіздің ішкі мағыналық құрылымына басты назар аударады. *Айталық, Сүйініш* деген кісі есімі бар, өйткені оның себепші негізінің мағынасы сүйіну. Ал *Күйініш* деген есім болмайды, өйткені бұл сөздің ішкі мағыналық құрылымы ат болуға лайық емес. Демек, сөздің ішкі мағыналық құрылымының ат қоюға сәйкес болуының да маңызы ерекше деп саналады.

**Қорытынды.** Кісі есімдерін жасаудың негізгі белсенді тәсілі синтетикалық сөзжасамдық тәсіл мен аналитикалық тәсіл. Қазіргі кездердегі кісі аттары көбінесе екі сөздің бірігуі арқылы жасалады. Кісі есімдері негізінен екіншілік мағыналы туынды сөздер болып есептеледі.

Тіліміздегі антропонимдердің көбі өзінің құрамын сөзжасам процестері арқылы толықтырып, байытып отырады, олар үшін сөзжасам процесі – үздіксіз болып отыратын құбылыс. *Айталық*, кісі есімдері зат есімнен де, сын есімнен де, сан есімнен де, етістіктен де жасала алады. Мұның өзі кісі атауларының көпқырлылығы мен грамматикалық тұрғыдан әр түрлілігін танытады. Қысқасы, антропонимдер туынды сөздер ретінде сөзжасам заңдылықтарына бағынып сөзжасам жүйесінде маңызды орын алады.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Салқынбай А.Б. Қазақ тілі сөзжасамы. Алматы, 2002. – 145 б.
- 2 Қасым Б.Қ. Қазақ тіліндегі күрделі сөздер: уәждеме және аталым. – Алматы, 2001. – 267 б.
- 3 Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Алматы, Санат, 1993. – 496 б.
- 4 Жанұзақов Т. Қазақ есімдері (Анықтама сөздік). Алматы, 1988. – 480 б.

*Reference:*

- 1 Salqynbai A.B. Qazaq tılı sözjasamy. Almaty, 2002. – 145 b.
- 2 Qasym B.Q. Qazaq tilindegi kürdeli sözder: uäjdeme jäne atalym. – Almaty, 2001. – 267 b.
- 3 Ahanov K. Til biliminiñ negizderi. Almaty, Sanat, 1993. – 496 b.
- 4 Janūzaqov T. Qazaq esimderi (Anyqtama sözdiik). Almaty, 1988. – 480 b.

**МРНТИ: 16.21.55**

*Amirbekova A.<sup>1</sup>*

<sup>1</sup> *Institute of Linguistics named after A.Baitursynov,  
Almaty, Kazakhstan*

## **THE VALENCE PROPERTY OF NEOLOGISMS IN KAZAKH LANGUAGE**

*Abstract*

The article deals with the concept of valency as a phenomenon lying at the confluence of syntax and lexical semantics. The paper also represents types of valency, directions in which the theory of valency is considered. Valency in the broad sense of the word refers to the capacity of a language unit to enter into communication with other units of a particular order. Objectivity and scientific and practical significance of the theory of valency is determined by the lexical-semantic potential of the word. Semantic valency is based on the logical semes of the word semantics. These semes are consistent with the logical semes of the another word meanings, as a result, the given word demonstrates the combining capability with another word. This is considered to be its semantic valency. We have attempted to identify and investigate a peculiar kind of valency in the Kazakh language.

**Keywords:** valency, compatibility, language, word semantics, syntagmatic, logical, lexical

*Әмірбекова А. Б.<sup>1</sup>*

<sup>1</sup> *А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,  
Алматы, Қазақстан*

## **ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ НЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ТІРКЕСІМДІЛІК ӘЛЕУЕТІ**

*Аңдатпа*

Мақалада валенттілік ұғымы синтаксис пен лексикалық семантиканың тоғысуындағы құбылыс ретінде қарастырылады. Мақалада валенттіліктің түрлері, валенттілік теориясы қарастырылатын бағыттар да келтірілген. Сөздің кең мағынасындағы валенттілік деп тілдік бірліктің белгілі бір тәртіптегі басқа бірліктермен байланысқа түсу қабілеті түсініледі. Валенттілік теориясының объективтілігі мен ғылыми-практикалық маңыздылығы сөздің лексика-семантикалық әлеуетімен анықталады. Қазақ тіл білімінде валенттілік туралы кеңірек түсінік, басқа деңгейдегі сөздер мен бірліктердің жалпы үйлесімді қабілеті ретінде дамып келеді. Сөздер мен сөздердің семантикасына байланысты лексикалық валенттіліктердің үйлесуінің грамматикалық заңдылықтарын көрсететін сөйлеу бөліктерінің комбинациялық күштері әр тілге тән. Семалық тіркестер басқа сөздің логикалық мағыналарымен сәйкес келеді, нәтижесінде берілген сөз басқа сөзбен тіркесу қабілетін көрсетеді. Бұл оның мағыналық валенттілігі болып саналады. Біз қазақ тіліндегі неологизмдердің валенттілігін анықтап, зерттеуге тырыстық.

**Түйін сөздер:** валенттілік, үйлесімділік, тіл, сөз семантикасы, синтагматика, логика, лексика